



world skills


СӘН ТЕХНОЛОГИЯСЫ DeafSkills

Байқау ережесі

Астана 2025 ж

«КЕЛІСІЛДІ»

Бас сарапшы



Аженова К.С.

« » 2025 г



Астана қаласы Білім

басқармасының басшысы

Сенғазыев К.С.

2025 г

16-22 жас аралығындағы оқушыларға арналған DeafSkills Astana қалалық чемпионатының «Сән технологиясы» құзыреттілігін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

I. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 1.1. DeafSkills Astana қалалық чемпионатының «Сән технологиясы» құзыреттілігі Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК базасында өткізіледі.
- 1.2. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігінің ұйымдастырушылары Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы болып табылады.
- 1.3. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігі сапаны бағалау арқылы нақты тапсырмаларды орындауды ұсынады.
- 1.4. DeafSkills Astana Қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігі Астана қаласының білім беру колледж оқушылары арасында 16-22 жас аралығында өткізіледі.

II. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Қалалық чемпионатты өткізудің мақсаты жаппай сипаттағы жұмысшы мамандықтарының беделін және қаладағы кәсіби дайындық сапасын арттыру, сондай-ақ ұлттық чемпионаттың финалы үшін жеке қызметкерлерді анықтау болып табылады.
- 2.2. Қалалық чемпионаттың негізгі міндеттері:
 - жұмысшы кадрлардың біліктілігін WorldSkills әлемдік стандарттар деңгейіне көтеру;
 - халықаралық талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасы экономикасының басым бағыттары бойынша жұмысшы мамандықтарын даярлаудың кәсіптік стандарттарын жаңғырту үшін жағдайлар жасау;
 - қалада басым құзыреттер бойынша WorldSkills чемпионатына қатысушыларды іріктеу және дайындау бойынша желілік технологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық инфрақұрылымды құру;
 - DeafSkills Astana қалалық чемпионатын өткізуді ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді пысықтау;
 - WorldSkills қозғалысын насихаттау.

III. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. DeafSkills Astana қалалық чемпионатының «Сән технологиясы» құзыреттілігі 2025 жылдың 23 мамыр сағат 9.00-де Астана қаласы, Майлин көшесі 12, мекенжайы бойынша Астана қаласы «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінде» ШЖҚ МКК өткізіледі.
- 3.2. Өтініштерді (№1 қосымша) Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК қабылдайды, эл почта worldskills.astana2025@astana-modern.edu.kz

IV. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. DeafSkills Astana қалалық чемпионатының «Сән технологиясы» құзыреттілігіне әр колледж 16-22 жас аралығындағы студенттер қатысады.

V. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Қалалық чемпионаттың барлық қатысушылары мен сарапшылары Қазақстан Республикасында қабылданған Қауіпсіздік техникасының (ҚТ) ережелері мен нормаларын мүлтіксіз сақтауы тиіс.

Барлық қатысушылар қауіпсіздік техникасы бойынша (№2 қосымша) нұсқаулықтан өтуі тиіс.

5.2. Қалалық чемпионаттың алдында қатысушылар:

- тек инфрақұрылымдық парақта мәлімделген жабдықтарды пайдалану (чемпионат тапсырмаларындағы кейбір нұсқауларды қоспағанда);

5.3. Чемпионатқа қатысушыларға конкурстық орын беру чемпионаттың бірінші күні жеребе тастау әдісімен жүргізіледі.

5.4. Қатысушыны тапсырманы орындауға дайындау:

- сарапшылар мен ұйымдастыру комитеті өкілдерінің қатысуымен қатысушылар чемпионатта қолданылатын жабдықтармен, құралдармен және материалдармен таныса алады;

- қатысушылар өз жұмыс орнын дайындап, жабдықтарды, құрал-саймандар мен материалдарды тексеріп, дайындауы керек.

5.5. Чемпионаттың барлық қатысушыларында жеке басын және туған күнін тексеру үшін жеке куәлігі (төлқұжат) болуы керек.

5.6. Барлық қатысушылар мен сарапшылар тіркеуден өтеді (тіркеу кезінде бейдж алады).

5.7. Чемпионатқа қатысушыларда арнайы киім (орамал, алжапқыш) және шығын материалдары болуы керек.

5.8. Тапсырма модульдер бойынша орындалады, инфрақұрылымдық парақта жазылған барлық талаптар, еңбекті қорғау ережелері, бағалау критерийлері осы құзырет бойынша барлық қатысушылар үшін міндетті талап болып табылады.

5.9. Тапсырманың басталу және аяқталу уақытының сигналын бас сарапшы береді. Тапсырманы орындау кезінде қатысушы сарапшылармен (жұмыс аймағында жұмыс істейтіндер) ғана сөйлесе алады. Үшінші тұлғалармен сөйлесуге тыйым салынады.

5.10. Сарапшылар мен ұйымдастыру комитетінің ресми өкілдерімен бекітілген нормаларын, нұсқауларын сақтаудан бас тартқан немесе Ұйымдастыру комитеті өкілінің және бас сарапшының шешімі бойынша чемпионатты өткізу барысына қатысушы тарапынан кедергі келтіретін әрекет-қылық көрсетілсе, қатысушыларды чемпионатқа қатысудан шығару сарапшылардың құзыреттілігінде.

5.11. Қатысушының ҚТ нұсқауларын немесе нұсқаулықтарын сақтамау фактісі тапсырманы орындаудың қорытынды бағасына әсер етеді.

5.12. ҚТ талаптарын қайта сақтамау қатысушының чемпионаттан уақытша немесе толық шығарылуына әкелуі мүмкін.

VI. DEAFSKILLS ASTANA ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ «СӘН ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігі практикалық тапсырманы орындауды қамтиды (18 сағат). Чемпионат тапсырмаларын бағалаудың негізгі критерийлері: практикалық тапсырманы белгіленген уақыт нормасына сапалы орындау және еңбекті қорғау талаптарын сақтау.

6.2. Чемпионат тапсырмасы 2 модульден тұрады. Модульдерді орындау барысында келесі білім салалары тексеріледі:

- Технология;
- Сыртқы түрі;
- Қиындық деңгейі.

6.3. Әр модуль жоғарыда аталған бірнеше аспектілерді түсінуді ұсынады. Чемпионат келесі номинацияларда өткізіледі (№4 қосымша).

VII. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігінің қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

7.1. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігінің қорытындысын төраға мен сарапшылар құрамындағы қазылар алқасы шығарады.

7.2. Қорытынды жеке жасалады.

7.3. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігінде орындар балл сомасы бойынша анықталады.

7.4. Сарапшылар қатысушылардың тапсырмаларын тексереді (№5 қосымша).

7.5. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігінің қорытындысы хаттамамен ресімделеді (№6 қосымша) және ұйымдастыру комитеті бекітеді. Хаттамаға теориялық және практикалық тапсырманы орындау ведомосі және бағалардың қорытынды ведомосі қоса беріледі.

7.6. DeafSkills Astana қалалық чемпионаты «Сән технологиясы» құзыреттілігінің жеңімпаздарын марапаттау үшін жеке есепте:

- бірінші орын
- екінші орын
- үшінші орын

Жүлделі орын алмаған кез келген қатысушы DSK қалалық Чемпионатына қатысқаны туралы Сертификат алады.

DeafSkills Astana қалалық чемпионатының “Сән технологиясы” құзыреттілігіне қатысу үшін өтінімдер 2024 жылғы 1 сәуірге дейін үлгі бойынша қабылданады.

Астана қаласы 16-22 жас аралығындағы оқушыларға арналған DeafSkills Astana қалалық чемпионатының “Сән технологиясы” құзыреттілігін өткізу туралы ереже сараптау комиссиясымен бірлесіп әзірленді және құрастырылды.

Қосымша № 1

DSK {Астана қаласы} қалалық чемпионаты Қатысушылар тізімі

№	Т.А.Ж., туған күні	Қатысушы- ұйымы	Оқу орны/сыныбы	Электрондық мекен-жайы/ телефон номері	Басшы
---	--------------------------	--------------------	--------------------	---	-------

Қосымша № 2

Қатысушылардың жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша Нұсқаулық ХАТТАМА

DSK {Астана қаласы} қалалық чемпионаты

№	Т.А.Ж.	Нұсқаулық өтушінің	Техникалық	Нұсқау берушінің
---	--------	--------------------	------------	------------------

		қатысушы / сарапшы қолы	нұсқау беруші сарапшының Т.А.Ж.	қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				

Қосымша № 3

Бағалаудың негізгі критерийлері:

Бөлім	Критерий	Бағалау		
		Субъективті (төрешілдік)	Объективті	жалпы
А	Технология	10	5	15
В	Сырт көрінісі	15	20	35
С	Қиындық деңгейі	15	35	50
Барлығы		40	60	100

Қосымша № 4

1 Модуль – Белдемшені тігу 6,5 сағат

- Белдемшені тігу

2 Модуль – Безендіру 1,5 сағат

- Белдемшенің кез келген жеріне қолдануға болады
- Белдемшенің жалпы дизайнымен үйлесуі керек;
- алдыңғы модульдерден қалған матаның қалдықтарын пайдалануға болады;
- «Қара жәшіктегі» заттар ғана (кемінде 3 элемент) пайдаланылады;

6.5. Чемпионат тапсырмасының форматы мен құрылымы

Чемпионатқа арналған тапсырма 2 аяқталған модульден тұрады:

1-ші күн Белдемше тігу - (6,5сағат)

Күтілетін нәтижелер:

- манекенде киюге дайын жиынтық (белдемше)

2-ші күн Безендіру (1,5 сағат)

Күтілетін нәтижелер:

манекендегі дайын өнім

Қосымша № 6

Сараптау комиссиясының хаттамасы
DSK {Астана қаласы}қалалық чемпионаты

ХАТТАМА

DSK {Астана қаласы} қалалық чемпионатының сараптамалық кеңесінің (ЭК) отырыстары құзыреті бойынша _____

Қатысқандар:

ЭК төрағасы (DSK бас сарапшысы): _____
құзыреті бойынша _____

Эксперттер:

1. _____
2. _____
3. _____

1Жарысқа _____ адам қатысты

ЭК төрағасы (DSK бас сарапшысы):

құзыреті бойынша _____

Эксперттер:

№	Қатысушының Т.А.Ж.	Аудан/қала	Қатысушының баллдық саны

2. Сараптамалық кеңес мүшелері қойған балдарды есептеу нәтижелері бойынша жүлделі орындар:

Орны	Қатысушының Т.А.Ж.	Қатысушы- ұйымы	Аудан/қала	Қатысушының баллдық саны
1				
2				
3				
4				

Сондай-ақ басқа номинациялар:

- 1
- 2
- 3
- 4

ЭК төрағасы

құзіреті бойынша _____

Эксперттер: